КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қысқаша)

2024 жылғы 15 наурыз іс №1912-24-00-2/476 Қонаев қаласы Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.А.Қожахметов оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен соттың ғимаратында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Балқаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Адал» жеке кәсіпкер атынан әрекет ететін Айнұр Татубайқызы Сәдуақас

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ :

«Балқаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Адал» жеке кәсіпкер атынан әрекет ететін Сәдуақас Айнұр Татубайқызы жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Адал» жеке кәсіпкер атынан әрекет ететін Айнұр Татубайқызы Сәдуақастан мемлекет пайдасына 15 120 (он бес мың жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 300 (екі мың үш жүз) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімінің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды канағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасынаапелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 16.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.04.2024, судья Кожахметов Б. А., 24.04.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство